

№9 семинар сабағының тақырыбы: **Өнімнің сәйкестігін растау (2с)**

Сабақтың жоспары:

1. Өнімді сертификаттауды жүргізу тәртібі.
2. Импортталатын өнімнің сертификатталуы.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге өнімнің сәйкестігін растау жайында қысқаша мағлұмат беру.

Қысқаша теориялық мәліметтер:

1. Өнімді сертификаттауды жүргізу тәртібі

ҚР мемлекеттік сертификаттау жүйесінің нормативтік құжаттары келесідей өнімді сертификаттауды жүргізу тәртіптерін қарастырады:

1. сертификаттау ұйымына өтініш беру;
2. өтінішті қарастырғаннан кейінгі қорытындыны өтініш бе-рушіге жолдама ретінде жіберу;
3. өтініш беруші мен сертификаттау органының арасындағы өнімге сертификаттау жұмыстарын жүргізу туралы келісімшартты жасау;
4. берілген өнімнің үлгісін тандап алу, оларды идентифика-циялау және сынақ зертханасына жіберу;
5. берілген өнімге және басқа қызметтерге сертификаттау жұмыстарын жүргізу;
6. өндіріс жағдайының анализі (тандап алынған схемаға бай-ланысты);
7. алынған қорытынды анализі сәйкестік сертификатын беру жөніндегі шешім қабылдау;
8. сәйкестік сертификатын беру және оны ҚР МСЖ Мемле-кеттік реестрге тіркеу;
9. сәйкестік белгісімен сертификатталған өнімді таңбалау;
10. инспекторлық бақылау жүргізіп отыру.

2. Импортталатын өнімнің сертификатталуы

Сертификаттау тек отандық өнімдердің ғана емес, сонымен қатар импортталатын өнімдердің адам өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Импортталатын өнімнің сертификатталуының өзектілігі республикамыздың нарығында импортты тауардың үлесі көп болуымен де байланысты.

Қазақстан Республикасының территориясына кіргізілетін өнім тек кедендік тексерістен өтіп қоймай, егер міндетті серти-фикаттауға жататын болса, онда бұл өнім сертификаттаудан өтеді.

Импортталатын өнімнің сертификатталуының тәртібі мен процедуралары ҚР СТ 3.9-97 белгіленеді.

Импортталатын өнім келесідей жолдармен сертификатталады:

- Шетелдік сәйкестік сертификатын қабылдау;
- Сертификат берген ұйыммен куәландырылған шетелдік сәйкестік сертификатының көшірмесін қабылдау;
- Импортталатын өнімнің сертификаты.

Тез бұзылатын (тауарлар) және олардың сақталуы белгілі бір климаттық жағдайды талап ететін (температурасы, ылғалдылығы, қысымы) өнімдер кедендік ұйыммен анықталатын кедендік тірке-уден кезектен тыс өткізіледі.

Мұндай өнімдерге келесілер жатқызылады:

- көкөніс пен саңырауқұлақтар, повидлалар және көкөніс пю-ресі; жеміс-жидектер және олардан жасалынған пюре мен повидлалар;
- ет және ет өнімдері, эндокриндік шикізаттар; сүт және сүт өнімдері;
- жұмыртқа және жұмыртқа меланжы; балық, балық өнімдері және шаяндар;
- нан және нан өнімдері;
- тез бұзылатын кондитер өнімдері.

Шетелдік сәйкестік сертификатын біздің елде мақұлдау үшін сертификаттау органына келесілер жіберіледі:

- Өтініш;

- Шетелдік сәйкестік сертификатының түпнұсқасы немесе
- оның куәландырған көшірмесі;
- Жөнелтпе құжаттар - өнім пайда болуы туралы сертификат,
- жеткізу туралы келісімшарт, инвойс немесе шот-фактура, сапа менеджменті жүйесінің немесе өндіріс сәйкестілігінің сертификаты, гигиеналық немесе ветеринарлық қорытынды, фитосанитарлық сертификат.

Содан кейін ұсынылған құжаттардың сараптамасы мен өнім идентификациясы жүргізіледі.

Сәйкестік сертификатын қабылдағанда өнім сынақтан өтпеген жағдайда, ұсынылған сертификат ҚР МСЖ бекіткен сәйкестік сертификатына ауыстырылады.

Сертификаттау кезінде қауіпсіздігі дәлелденбеген импортта-латын өнім Қазақстан Республикасына әкелуіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының территориясына міндетті емес сертификаттауға жататын келесі өнімдер кіреді:

- Шетел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар және олардың персоналдары қолданатын жеке заттары;
- Жеке тұлғалардың алып келетін және де ол өндіріс үшін, коммерциялық қызмет үшін қолданылмайтын заттар (өнім, тауар). Бірақ бұларға жаңа және бұрын соңды қолданылған автомобильдер жатпайды.

Елімізге сақтау мерзіміне 2 ай қалған өнімдерді әкелуге рұқсат берілмейді.

Оқытудың техникалық құралдары: интербелсенді тақта

Практикалық (семинар)сабағын оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: түсіндіру, баяндау, пікіралмасу, сұрақ-жауап

Бақылау сұрақтары: (20 балға дейін)

1. Өнімді сертификаттауды жүргізу тәртібін айтып беріңіз.
2. Импортталатын өнімнің сертификатталуын түсіндіріңіз.

СӨЗ және ОБСӨЖ тапсырмалары: Сынақ зертханасының (орталығының) басшысының функциялары және сараптау және техникалық комитеттерді құру, бекіту және жою тәртібі

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.
5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова.Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университет, 2013. -172с.